

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

6.Турсунов Е.Д. Истоки тюркского фольклора. Қорқыт. –Алматы: Дайк-Пресс, 2001.  
– 167 б.

УДК 81.2.21

## **ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ АҚ ЖӘНЕ ҚАРА ТҮС КОНЦЕПТІСІ**

**Ермекбай Ақбота**

Түркітану кафедрасының 2 курс студенті

Л.Н.Гуммилев атындағы ЕҰУ

Ғылыми жетекші –Жиёмбаева Г.Т.

Әрбір ұлттың мәдени болмысын көрсететін концептердің бірі – «түр-түс» концептісі. Түр-түстердің адам өміріндегі маңызы өте зор. Тамыры тереңде жатқан түр-түс атаулары халықтың тарихымен, рухани, мәдени тұрмыс-тіршілігімен, танымымен, ұлттық психологиясымен, салт-санасымен, әдет-ғұрпымен байланысты болып келеді.

Әрбір тілдегі түр-түс атаулары – белгілі бір заттың сапалық сынын ғана білдіріп қоймайды, сондай-ақ белгілі бір халықтың мәдени тұрмыс-тіршілігі мен тарихынан, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпынан мол мәлімет беретін күрделі категория. Сондықтан да түр-түс атаулары әр халықтың дүниетанымында маңызды орын алады, олардың жасалу жолдары мен тілде қалыптасуы да әртүрлі болып келеді.

Қазақ және түрік тілдеріндегі түр-түс атаулары көптеген тұрақты сөз тіркестерінің құрамында, кісі және жер-су аттарында, тарихи сөздердің құрамында, мақал-мәтелдер мен жұмбақтарда кездеседі.

Түр-түстердің символдық мәні туралы Ә. Марғұлан: «көк түс - көкке табынудың, аспанның символы, қызыл - оттың, күннің, ақ - шындықтың қуаныштың, бақыттың, сары - ақыл-ойдың, қара - жердің, жасыл - көктемнің, жастықтың символы», - деп атап өтеді. [1, 42]. Басқа халықтар сияқты түркі халықтары үшін де әлем екі түске: ақ пен қараға бөлінген. Оның біреуі ақ түс – барша жақсы қасиеттердің иесі болса, қара түс – жамандық біткеннің белгісін білдіреді. Бұл түсінік халық санасына терең орнығып, оның тілі мен ойлау жүйесінен, дүниетанымынан орын алған.

Ақ түс - түркілердің шаманизм әсерінде қалған кезеңдерден бері келе жатқан күшті, ұлылықты, әділетті білдіретін негізгі түс. Исламға дейінгі кезеңдердегі Көктәңірі сенімінде ақ түс - құт, теңдік, ұлылықты білдірді. Шаманизмде Үлген жақсылық құдайы саналған. А. Инан еңбегінде «Топаннан кейін Үлген адамдарды жарата бастады. Бауыры Ерлік те (жер асты құдайы, жаман рухтардың құдайы) оның адам жасаған гүлінің бір бөлігін алып адамзатты жаратады. Үлген бауырына ренжіп, оған «Сенің жаратқан қауымың қара қауым болсын, мен жаратқан ақ қауым шығысқа, сен жаратқан қара қауым батысқа барсын» [2, 227] деуі бұл түстердің түркілер арасында көне кезеңдегі мағыналарын білдіреді.

Ақ түс ғұндардан кейінгі түркі мемлекеттерінде де жиі қолданылған. Көне түркілерде, қазіргі қазақ тілінде «ақсүйек» сөз тіркесі «үстемдік етуші таңдаулы әулеттің өкілдеріне қолданылған» [3, 42]. «Қарасүйек» сөз тіркесі де «ақсүйек тобына жатпайтын жай халық, қара халық» [3, 221] дегенді білдіреді. Көне түркі мемлекеті саналатын ғұндарда ақ түс әділет пен күштіліктің символы болған. Мемлекеттің билеушілері соғыстарда ақ түсті киім

киген. Шыңғыс ханның да ақ түсті киім киіп, ақ атқа мінгендігі айтылады. Селжұқтар мен Осман императорлығының да ақ байрағы осы дәстүрдің жалғасы іспеттес көрінеді.

Қазақ тіліндегі ақ түстің қазақ ұлттық дүниетанымындағы алатын орны, оның символдық мәні айрықша. Қазақ халқында ақ түсі пәктік пен адалдықтың нышаны, жақсылықтың, қуаныштың белгісі, махаббат, үміт сияқты сезімдердің символы саналады. Қазақтар жақсы ниет, жақсы тілек, адал көңіл сияқты жан дүние құбылыстарына *ақ жарқын, ақ пейіл, ақ көңіл, ақ тілеу* дейді. Қазақ тілінде пәктік, тазалық, шынайылық, жақсылық, мейірімділік секілді дерексіз ұғымдар ақ түспен ассоциацияланып, қазақ дүниетанымының ерекшелігін көрсетеді.

Ақ түс - қазақ халқы үшін ең қасиетті түс. Ол қазақ халқының ұлттық тілдік қолданысында жағымды түсінік қалыптастырған. Ақты қастерлеу қазақтардың дүниетанымында бұрыннан орын алып келе жатыр. Халқымыз киелі заттар мен нәрселерді ақ атауымен атап аққа балаған.

Ақ - қазақ тілінде молшылықты, қуанышты білдіреді. Көшпелі түркі халықтарының ең қасиетті тағамы сүт өнімдері. Сүттің, сүт өнімдерінің түсі халық ұғымында жағымды ұғымдардың рәмізіне айналған. Түркі халықтарында аққа байланысты *ақ ұрсын, ақ құйып аттандару* тіркестері қолданыс тапқан. Хан сайлар алдында да қазақтар ханды *ақ боз биенің сүтіне шомылдырып, ақ кигізге отырып хан көтерген*. Қазақ дүниетанымында ақ сұлулықты сипаттайды. Мысалы, *ақша бет, ақ жүз, ақ тамақ* т.б.

Қазақтар өлімді тағдырдың бұйрығы ретінде қабылдап *ақ өлім, ақ бұйрықты өлім* деп мойынсұнып қабылдаған. Өлген адамды *ақ түсті кебінге орап, ақ жауып ақыретпен қою, ақ кигізге салып, ақ шымылдық ішінен арулап алып шыққан* [4]. Жақындары белдеріне *ақ шүберектен белбеу байлап, қолдарына ақ таяқ ұстап* ақтық сапарға шығарып салған. Осыған байланысты қазақ тілінде *ақ жауып арулап қойды, ақ кебінге орады, ақ арулап жөнелтті* тіркестері қалыптасқан.

Әр түстің тура мағынасынан басқа ауыспалы мағынасы да бар, мәселен, ақ түсі қазақ мәдениетінде адамшылықты, пәктік, ізгі ниеттілікті, адалдықты, шындықты, жақсылық, молшылықты, әулиелікті білдіретін асыл, қасиетті сүйкімді, жылы түс боп танылады.

Табиғатқа байланысты тіркестер: *ақ жауын, ақ жаңбыр, қара суық, қара дауыл, қара бел, қара жол, қара шоқы* [4] т.б. қазақ тілінде кеңінен қолданылады.

Тұрмыс-тіршілікке, салт-дәстүрге байланысты: *ақ тамақ, ақ құба, ақ көңіл, ақ ниет, ақ сақал, ақ жаулық, ақ жол, ақ дастарқан, ақ бата, ақ отау, ақ сүтін ақтау, ақ мол болу, ақ саусақ, қара көңіл, қарабет, қара жұмыс* [4] т.б. сөз адамға, адамның сырт-пішінін, мінез-құлқы ерекшеліктерін, іс-әрекетін, сыпайылығын, қасиеттілігін, т.б. танытатын фразеологиялық тіркестер.

Ақ түсіне байланысты тұрақты сөз тіркестері алғыс, тілек мағынасында да жұмсалып келеді. Мысалы, *айтқаның ақ болсын* т.б. Ақ түсі халық ұғымында аса молшылықты білдіретін тіркестер ретінде де қолданылады. Мысалы: *ақ түйенің қарны жарылу*. Ежелгі түркі халықтарының тұрмыс-тіршілігінде түйе маңызды орын алып, киелі жануар болып саналған. Ерте кездерде мерекелерде түйенің қарнын жару салты болған екен. Ә. Қайдаров қазақ тілінде «Ақ» түс – «тазалық», «әділеттік», «мейірбандық», «бейкүнәлік», «пәктік», «көңілді өмір салты», «ағынан жарылқау», «алғашқы адал ниет» т.б. мағыналарды аңғартады», - дейді [5, 65].

Түрік тілінде ақ түсіне байланысты талдау барасында түрік тілінде де қара түсті жағымсыз, ал ақ түсті жағымды нәрселермен байланыстыру дәстүрі сақталғандығына көз жеткіздік. Сондықтан да қара сын есімімен келетін номинативтік атаулар жағымсыз

мағынада, ақ сын есіммен келген атаулардың жағымды мағынаға ие екендігін байқадық. *Kara haber, kara liste, kara gün* т.б. сөз тіркестерінде қара қаталдықпен, қара жамылумен, өлімнің түсімен ассоциацияланады. Керісінше, ақ түс –барлық жақсылықтың, тазалықтың түсі. Демек, түрік тілінде ежелден қалыптасқан ақ түстің нышандық мағынасы – жақсылық, қуаныш, тазалық, пәктік, адалдық.

Жоғарыда келтірілген бұл деректер ақ түс атауының қазақ және түрік тілдеріндегі когнитивтік семантикалық мазмұнының ұқсастығын көрсетеді. Әсіресе ақ түстің жақсылық, қуаныш, тазалық, пәктік, адалдықпен ассоциациялануы екі халықтың осы түске байланысты таным-түсінігінің ортақтығын білдіреді.

Қазақ мәдениетінде ақ түс анамен байланысты, әдемілікпен, сұлулықтың белгісі болып келеді. Мысалы, *ақжаулық, ақшапты ана, ақжүзді, аққұба, аққайың, аққу, ақшағала*, т.б. сияқты. Қазіргі таңда қазақ қоғамында қоғамдық өзгерістерге сай жаңа мағыналарды жасауға қатысады. Мысалы, *Ақ үй, Ақорда, ақ алтын* т.б.

Түрік тілінде ақ, қара сұлулықтың символдары саналады. *Ақ маңдай, ақ білек, ақ мойын; қара шаш, қара қас* т.б. сын есімдер дастандарда сұлулықты танытуда кеңінен қолданылатын тіркестер саналады. *Ананың ақ сүті, ақ жол* т.б. сөздер жақсы ниетті, тазалықты білдіреді.

Ақ түс - түріктердің ең көне ұлттық және рухани сенімдерінен бастау алған маңызды символ. Ақ түсті ақындар да жырлап өткен. Түрік халық ақындарының өлеңдерінде ақ түске қатысты мынадай жолдар кездеседі:

Kokusu Yusuf un terine benzer  
Ak gerdan Erciyes karına benzer  
*Kazoğlu Âşık Mehmet*  
Ben güzelden böyle vefa ummazdım  
Ak göğsün üstüne kondurdu beni  
Benim yârim gelişinden bellidir  
Ak elleri deste deste güllüdür  
Ak gerdan altında çifte benleri  
Sandım kan damlamış karın üstüne  
*Emrah*

Ақ түс түрік халық әндерінде де кездеседі.:

İlimon da dağil nar gelsin oy oy  
Yandı da yürek kor gelsin oy oy  
Yârin beyaz kolları ilimonyâr aman  
Amanın sarıldıkça dar gelsin oy oy

Sallan gel de boylarına bakayım aman  
Ak gerdana beşibirlik takayım aman

Beyaz giyme söz olur  
Siyah giyme toz olur  
Gel beraber kaçalım  
Muradımız tez olur

Қара түс - ақ түске қарама-қарсы түс. Түркі тілдеріндегі түр-түс атауларының мағыналарын алғаш рет зерттеген ғалым А.Н.Кононов қара түстің сын есім ретінде 20 шақты түрлі мағынасы бар екендігін ашып көрсеткен.

Қазақ тілінде қара түс - қараңғылық, үлкендік, күштілік, қарапайымдылық ауыртпашылық, қайғы-қасырет, кедейлік мағыналарын білдіреді. Қара түске байланысты атаулар мағынасына қарай 6 топқа бөліп қарастырылған: 1) жамандықтың, 2) жауыздықтың, қатыгездіктің, 3) алғашқылықтың, бастапқылықтың, 4) киеліліктің, қасиеттіліктің, 5) қарапайымдылықтың, 6) қайғы-мұңның белгілері [6, 34].

Қара түстің сонымен қатар әдемілікпен байланысты да қолданылғандығын байқауымызға болады. Мысалы, *Қаракөз, Қарашаш т.б.*

Қазақ тіліндегі қара сөзі көптеген зат, құбылыс, іс-әрекет атауларымен тіркесіп әр алуан символизмдердің жасалуына негіз болады. Мысалы, *қара жаулық, қара ниет, қара жүрек, қаралы көш, қара ту* т.б.

Қара атауының қазақ тілінде бұдан басқа қасиетті, киелілікті білдіретін символдық мағынасы да бар. Оны қазақ тіліндегі қара қазан, қара шаңырақ сияқты сөз тіркестерінің құрамындағы қара сөзінен көруге болады. Түркі тілдеріндегі тағы бір мағынасы «көп» дегенді білдіруі. Оған *қара сөз (үлкен сөз), қара қыпшақ (қалың қыпшақ), қара шаңырақ (үлкен, қасиетті шаңырақ), қара күш (мықты күш)* сөз тіркестерін мысалға келтіруге болады. Қара түс - жердің түсі, берекенің белгісі. Жерді киелі санаған түркілер «*қара жер*» (*киелі жер*) дейді. *Қара түске байланысты «қара жер», «қара халық», «қара мылтық», «қара ат», «қара күң»* сияқты тұрақты тіркестер көптеп кездеседі. *Қара шаңырақ* тіркесі киелі ұғыммен қатар «үлкен, бастапқы» деген мағына да береді. Қазақ халқында шаңырақ атадан әкеге, әкеден балаға, оның ішінде от басындағы кенже ұлға мирас болып қалады. Қазақ дүниетанымы мен мәдениетінде қара қазанның да орны ерекше. *Қара қазан* береке мен байлықтың, тыныш өмірдің символдық белгісі. Қазан киіз үйдің дәл ортасындағы ошаққа қойылады. Түркілер отты өмірдің бастауы деп түсінеді.

Қазақтар түйе, сиырды «*қара мал*», жылқыны «ақ мал» қатарына жатқызады. XV ғасырдағы Қазақ хандығының Жеті жарғысында өз ата анасына қол көтерген баланы қара бұқаға теріс мінгізіп жазалайтыны туралы арнайы бап қарастырылған.

Қара қазақ тіліндегі ауыспалы, шартты, символикалық мағыналары көп түстің бірі. Түркі тілдерінде ақ сияқты қара түске байланысты да тұрақты тіркестер өте көп.

Түрік тілінде қара түс — *kara gün, karalar bağlamak, kara bulutların çökmesi, kara bağır* сияқты тіркестерде қайғы-қасірет, ауыр тұрмыстың тауқыметі, қаталдық, қатыгездік, кедейшілік-жоқшылық, қарапайымдылық т.б. мағыналарды білдіреді. Орхон жазбаларында, Қорқыт Ата кітабында да қара түс қайғының, жоқтаудың, қиындықтың белгісі саналады.

Түрік тілінде қара түсінің жағымды мағынасы да бар. Қарақойындардың билеушісі Қара Мехмед және Қара Жүсіп, Аққойындардың аталары Қара Йүлүк Осман, Османдықтардың атасы Қара Осман аттары мен лақап аттарында қара сөздері кездеседі. Бұл жерде кісі аттарындағы қара сөзі *жігіт, батыр, алып* мағынасында қолданылғандығын көруге болады. *Қара Самсун, Қара Мараш* жер атауларындағы қара сөзі Самсунның, Мараштың пайда болған алғашқы орны мағынасында қолданылған [7, 167].

Түркі мәдениеті мен әлеуметтік тұрмысында қара сөзі солтүстік бағытты білдіреді. *Kara yel* солтүстіктен ескен жел, *Kara Deniz* солтүстіктегі теңіз дегенді білдіреді. Қара сөзі *құрлық, қараңғылық* деген мағынада қолданылады. *Kara gece* дегенде қараңғы, жарықсыз түн мағынасын білдіреді.

Түрік тіліндегі қара сөзі бақытсыздық мағынасында да қолданылады. Мысалы, «*kara gün*» бақытсыз күн мағынасында қолданылған. «*Kara bağır*» дертті, қиын сезім

мағынасында қолданылады. Қара сөзі «*Kara orman*» сөз тіркесінде ұшы-қиыры жоқ үлкен орман мағынасында қолданылған.

Мифологияда жамандық құдайы Ерлік те жер астында қара балшықтан жасалған сарайында тұрады. Анадолы халқы да қара түсті жағымсыз мағынада қолданған. Халық сенімінде *kara yılan*, *kara kedi*, *kara köpek* бақытсыздықты білдіреді. Қара ағаштан бесік, келін сандығы сияқты заттар жасалмайды. Қара сөзі түрік халық ақындарының өлеңдерінде де көптеп кездеседі:

Kara toprak senden üstün olursam  
Ben de bu yayladan Şah a giderim  
*Pir Sultan Abdal*

Kara bulut gibi göğe ağarsın  
Ulu yağmur gibi yere yağarsın  
Nerde güzel görsen boynun eğersin  
Ekemem kahrını divane gönül

*Deli Boran*

Қара сөзі халық әндерінде де кездеседі:

Karadır kaşların ferman yazdırır  
Bu aşk beni diyar diyar gezdirir

«*Kara haber tez duyulur*», «*Karadan öte renk yoktur*», «*Kara dut yaprak açtı yaz, döktü kıstır*» [7, 171] мақал-мәтелдерінде, «*kara bela*», «*kara bağlamak*», «*kara cahil*» т.б. тұрақты сөз тіркестерінде жағымсыз мағынада қолданғандығын көруімізге болады.

Қазақ және түрік тілдеріндегі ақ және қара түс атауларының көптеген фразеологизмдердің құрамында, кісі, жер-су аттарында, тарихи сөздердің құрамында, мақал-мәтелдерде, халық әндерінде т.б. кездесетіндігін және туыстас екі тілдегі түр-түстердің бір-біріне жақын мағыналар беретінін, екі халықтың ұлттық дүниетанымын айқындайтын символдар да бола алатынын пайымдадық.

Қорытындылай келе, түр-түс атауларының түркі тілдері, оның ішінде қазақ және түрік тілдерінің тілдік материалдары түр-түс атауларының негізгі мағынасынан басқа да семантикалық ерекшеліктері мен олардың халық дүниетанымына, тұрмыс-тіршілігіне қатысты әр түрлі символдық мән-мағыналарының да өз алдына зерттеу нысаны бола алатынын айқындадық.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.
2. İnan A. Makaleler ve İncelemeler, C.1, - Ankara, 1987, - s. 419.
3. Genç R. Türk İnanışları ile Milli Geleneklerinde Renkler, - Ankara, 1997, - s. 94.
4. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977. – 711 б.
5. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Актуальные вопросы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
6. Лауланбекова Р.Т. Түр-түс компонентті күрделі аталымдардағы ұлттық дүниетанымның тілдік көрінісі. Кандидат. дисс. қолжазбасы. – Алматы, 2010. – 129 б.
7. Aksan D. Türkçenin Sözcük Varlığı. - Ankara: Engin, 2006. – 249 s.